



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ., 2025 жылғы 16 шілде

KASE биржа нарығының 2025 жылдың II тоқсанындағы және бірінші жартыжылдығындағы жұмысының қорытындысын жариялайды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) өзінің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметінің негізгі нәтижелері туралы хабарлайды:

- KASE-де жасалған сауда-саттықтың жиынтық көлемі 176,1 трлн теңгені құрап, 2024 жылдың сәйкес кезеңіндегі осындай көрсеткішпен салыстырғанда 5,9% немесе 11,1 трлн теңгеге төмендеді.
- Жыл басынан бері KASE индексінің мәні 6 018,56 тармаққа дейін 7,9% көтерілді.
- Акциялар нарығының капиталдандырылуы 34,0 трлн теңгеге дейін 3,4%, сауда-саттық жасалатын корпоративтік борыштың көлемі 13,7 трлн теңгеге дейін 0,3% өсті.
- 2025 жылдың басынан бері 11 жаңа эмитенттің корпоративтік облигациялары листинг рәсімінен өтті.
- 2025 жылғы 01 шілдедегі жай-күйі бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 263 эмитенттің 804 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2025 жылдың екінші тоқсанында KASE қатысуымен келесі іс-шаралар өтті.

Бизнеске арналған іс-шаралар

"Эмитент күні" жобасының аясында KASE-де инвесторлармен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен және БАҚ өкілдерімен бірнеше кездесу өтті, олар:

- 11 сәуірде "Қазақтелеком" АҚ өкілдері 2024 жылғы қаржылық қызметінің негізгі қорытындысы, қызмет көрсету сапасын арттыру жобалары туралы айтты, сондай-ақ технологиялық даму жоспарларын бөлісті;
- 15 сәуірде "Кселл" АҚ өкілдері компанияның 2024 жылғы қаржылық қызметінің негізгі қорытындысы, компания түсімінің өсуі, іске асырылған жобалары, оған қоса іске қосылған жаңа базалық станциялар туралы айтты.
- 20 мамырда BI Development Ltd. өкілдері компанияның 2024 жылғы қызметінің қаржылық нәтижелерін таныстырды;
- 27 мамырда "Home Credit Bank" АҚ басшылығы компанияның қаржылық нәтижелерімен таныстырды, тәуекелді басқару тәсілдері туралы, сондай-ақ іске асырылып жатқан цифрлық бастамалар туралы айтты;
- 28 мамырда "Қазақстан электролиз зауыты" АҚ (ҚЭЗ) өкілдері 2024 жылғы операциялық және қаржылық көрсеткіштері туралы есеп берді.
- 9 маусымда "KEGOC" АҚ басшылығы компанияның 2024 жылғы және 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы операциялық және қаржылық қорытындысымен таныстырды, сондай-ақ Ұлттық электр желісін дамытудың негізгі жобалары, компанияның стратегиясы мен келешегі туралы айтты.

17 сәуірде KASE Өзбекстан Республикасында "Ташкенттегі KASE күнін" және 22 мамырда Әзірбайжан Республикасында "Бакудегі KASE күнін" өткізді. Іс-шара KASE-ге мүше болу мүмкіндіктері, қазақстандық қор нарығында қаржыландыру тарту, жергілікті және KASE

нарықтарында инвестиция салу шарттары туралы ақпарат беруге бағытталған. Сондай-ақ KASE өкілдері KASE қызметінің нәтижелері, Биржа жүзеге асырылып жатқан жобалар, қазақстандық қор нарығының даму тенденциялары мен перспективалары туралы айтты.

10 маусымда KASE алаңында борыштық капитал нарығына шығу мәселелеріне арналған бизнес өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Іс-шара KASE-нің қор нарығы туралы хабардарлықты арттыру және жаңа эмитенттерді тарту жөніндегі бастамалары аясында ұйымдастырылды.

Оқыту іс-шаралары

Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында KASE 2025 жылғы 1 сәуір мен 30 мамыр аралығында "Биржа симуляторы" оқыту конкурсын өткізді. Конкурсқа 7,5 мыңнан астам адам қатысты. Оқыту сауда-саттықтарының қорытындысы бойынша мәмілелердің жалпы көлемі 824,0 млрд теңгеге жетіп, 23 086 мәміле жасалды. Мәмілелердің бір қатысушыға шаққандағы максималды көлемі 199,3 млрд теңге, бір қатысушыға шаққандағы мәмілелердің максималды саны 2 412 болды. 2025 жылғы 8 шілдеде KASE "Биржа симуляторы" оқыту конкурсына қатысушыларды онлайн марапаттау рәсімін өткізді, оның қорытындысы бойынша 10 жеңімпаз анықталды.

8 сәуірде KASE-де Алматы технологиялық университетінің студенттерімен кездесу өтті. Тыңдаушылар "Бағалы қағаздар нарығына кіріспе" дәрісіне қатысып, Биржаның қалыптасу және даму тарихымен, қор нарығының негіздерімен, негізгі инвестициялық құралдармен және Қазақстанның қаржы жүйесіндегі KASE рөлімен танысты.

2025 жылғы 15 сәуірде Қазақстан қор биржасы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп "Эмитенттердің қор нарығындағы ақпаратты ашып көрсетуі" тақырыбында вебинар өткізді. Сарапшылар ақпаратты ашып көрсету ережелері мен тәртібі туралы ақпаратты бөлісті, бағалы қағаздарды сәтті орналастыру үшін, сондай-ақ қор нарығында айналыста болған кезде өтімділікті қолдау үшін қажет болатын шарттарды атап өтті.

24 сәуірде KASE-де "Мерзімді нарыққа кіріспе" тақырыбында оқыту вебинары өтті, онда қатысушылар мерзімді нарықтың негіздерін, оның инвесторларға не үшін қажет екенін, KASE-де сатылатын фьючерстер және олардың негізгі ерекшеліктері туралы білді.

15 мамырда KASE алаңында "ESG облигацияларын шығару" тақырыбында оқыту вебинары өтті.

23 мамырда KASE макроэкономикалық факторлардың инвестициялық шешім қабылдауға ықпалына арналған вебинар өткізді. Іс-шара барысында қатысушылар "инвесторларға макроэкономика жайлы" білді, инвестициялық тартымдылықты бағалау үшін қолданылатын негізгі экономикалық көрсеткіштермен танысты, сондай-ақ ықтимал макроэкономикалық ауытқу мен макро факторлардың акцияларды таңдауда маңызды рөл атқаруының себептерін қарастырды.

2025 жылғы 26 маусымда KASE өкілдері КИМЭП университетінде қонақта болып, "Қор нарығының негіздері" тақырыбында дәріс өткізді. Студенттер қор нарығының мәнін, мақсаттары мен міндеттерін, оның қаржылық құралдары мен олардың сипаттамаларын, сонымен қатар оны дамытудағы мамандардың рөлін білді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Акция нарығын капиталдандыру 3,4% немесе 1,1 трлн теңгеге өсіп, 34,0 трлн теңгеге жетті (65,3 млрд USD). Бұл ретте 2025 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша акция нарығын капиталдандыру 7,0% немесе 2,2 трлн теңгеге өсті. Екінші тоқсандағы өсімнің негізгі бөлігі акциялардың бағасының өсуіне байланысты KASE индексі компанияларына тиесілі.

2025 жылғы маусымның соңында KASE сауда-саттық тізімдеріне 80 эмитенттің 95 атаудағы акциялары, оның ішінде листингіден тыс бағалы қағаздар секторында екі компанияның екі атаудағы акциялары кірді.

2025 жылғы алты айда акциялармен жасалған сауда-саттық көлемі 163,4 млрд теңге болып, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда 5,8% немесе 9,0 млрд теңгеге өсті. 1 күнде жасалған сауда-саттықтың орташа көлемі 1,4 млрд теңге, мәмілелердің орташа күндік саны 9 967, бір мәміленің орташа көлемі 138,9 мың теңге болды.

Алғашқы нарықта жасалған сауда-саттық көлемі 49,3 млн теңгені құрады. 2025 жылғы мамырда "Teniz Capital Investment Banking" АҚ 49,3 млн теңге сомасына 5 800 жай акция орналастырды.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 55,5% немесе 58,3 млрд теңгеге өсіп, 163,3 млрд теңгені құрады. 2025 жылдың екінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 2025 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 54,5% немесе 35,0 млрд теңгеге өсіп, 99,1 млрд теңгені құрады.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде жеке адамдардың үлесі акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 50,0%, банктердің үлесі 1,6%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 13,6%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 1,8%, басқа заңды тұлғалардың үлесі 33,1% болды. Бейрезиденттердің үлесі – 9,9%.

KASE ИНДЕКСІ

2025 жылғы шілденің басына қарай KASE индексі тарихи жоғары көрсеткіштерді жаңартып, одан әрі өсуді жалғастырды. 18 маусымдағы сауда-саттық қорытындысы бойынша Индекс 6 мың тармақ межесінен асты. Жыл басынан бері KASE индексі 6 018,56 тармаққа дейін 7,9% көтерілді. 2025 жылғы екінші тоқсанында KASE индексінің өсімі 6,4% болды.

Индекстік акциялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы көлемі 116,5 млрд теңге болды. Сауда-саттықтың ең ауқымды көлемі "Қазақтелеком" АҚ-тың жай акцияларына қатысты болып, 26,4 млрд теңге (индекстік акциялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы көлемінің 22,6%) болды*.

KASE Индексінің өкілетті тізіміне кіретін акция бағаларының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	1 акцияның бағасы, теңге			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.07. 25	01.01. 25	Δ, %	6А 2025	6А 2024	Δ,
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	3 400,07	2 186,99	+55,5	8 422,9	6 096,7	+2 326,2
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	316,00	256,41	+23,2	18 487,1	12 296,1	+6 191,0
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	16 616,00	14 621,00	+13,6	18 739,7	12 644,0	+6 095,7
"Қазатомөндіріс" ҰӨК" АҚ	KZAP	22 599,00	20 180,01	+12,0	6 863,7	5 347,5	+1 516,1
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	807,48	820,00	-1,5	7 991,4	2 549,8	+5 441,6
"Кселл" АҚ	KCEL	3 333,99	3 432,00	-2,9	11 395,1	3 809,2	+7 585,9
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 449,99	1 527,00	-5,0	6 944,4	7 002,4	-58,0
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	40 500,01	43 778,00	-7,5	26 388,1	5 682,6	+20 705,5
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	732,20	819,99	-10,7	5 121,3	12 864,1	-7 742,8
Kaspi.kz АҚ	KSPI	45 750,00	54 540,00	-16,1	6 180,8	5 003,0	+1 177,8

* ірі мәмілелерді және тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

KASE-де индекстік себеттің он өкілінің төртеуі жасыл аймақта жабылды. Бұл ретте қаржы секторы акциялары өсім жөнінен үздік болды.

"Банк ЦентрКредит" АҚ жай акцияларының бағасы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 55,5% өсті. Жылдық жалпы жиналыста банк акционерлері 2024 жылғы аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілікті бекіту және банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдады, бұл ретте 194,5 млрд теңге көлеміндегі 2024 жылғы таза кіріс бөлінбеген пайда шотында қалды. Банктің 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есебіне сәйкес, банк активтері 33,6% өсіп, 7 067,9 млрд теңгені құрады, таза пайда 49,7% өсіп, 202,4 млрд теңгеге жетті. 2025 жылғы 7 сәуірде Банктің Директорлар кеңесі 2025 жылғы 15 сәуір мен 31 желтоқсан аралығында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бір акция үшін 2 200,00 теңге бағамен 15,9 млн орналастырылған жай акцияны кері сатып алу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте 15 сәуірде банк бір акция үшін 2 200,00 теңге бағамен 23,7 млрд теңгеге 10 766 574 жай акцияны, 24 сәуірде бір акция үшін 2 200 теңге бағамен 2,6 млрд теңгеге 1,2 млн жай акцияны кері сатып алды.

Құнының 23,2% өсуімен екінші орынды **"Қазақстан Халық Банкі" АҚ** жай акциялары алды. "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-тың 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық қорытындысы бойынша таза пайдасы 32,8% өсіп, 931,0 млрд теңгеге жетті. 2024 жылғы пайыздық кірісі 30,0%, пайыздық шығысы 21,8%, таза пайыздық кіріс 38,5% өсті. Банк акционерлері жылдық жалпы жиналыста 2024 жыл үшін жай акциялар бойынша 323,5 млрд теңге немесе бір жай акция үшін 29,64 теңге көлемінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады. Банктің 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне сәйкес таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 54,5% өсіп, 275,0 млрд теңгеге жетті, пайыздық кіріс 26,8% өсіп, 629,2 млрд теңгеге жетті, таза пайыздық маржа 7,5%-ға дейін өсті.

Үздік үштікті **"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ** тұйықтайды, оның жай акцияларының бағасы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 13,6%, 16 616,00 теңгеге дейін өсті. Компанияның 2024 жылғы өндірістік қорытындысы бойынша мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 1,3% өсіп, 23,8 млн тоннаға жетті, ал мұнай тасымалдау көлемі 3,9% өсіп, 83,5 млн тоннаны құрады. Компанияның 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есебіне сәйкес оның түсімі 0,1%, 8 330,3 млрд теңгеге дейін өсті, таза пайдасы 1 094,2 млрд теңгеге дейін 18,1% өсті. Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы дивиденд сомасын 300,0 млрд теңге немесе бір жай акцияға 491,71 теңге көлемінде бекітті. Компанияның 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық есебіне сәйкес оның түсімі 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,6% өсіп, 2,2 трлн теңгені құрады, таза пайдасы 192,5 млрд теңгеге дейін 35,9% азайды. 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік қорытынды бойынша мұнай және газ конденсатын өндіру 5,8% өсіп, 6 416 мың тоннаны құрады, мұнай тасымалдау 2,9% азайып, 20 920 мың тоннаны құрады, ал мұнай өңдеу көлемі 11,1% өсіп, 5 137 мың тоннаны құрады.

Жыл басынан бері **"Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ** жай акцияларының бағасы 12,0% қымбаттады. Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2024 жыл үшін төленетін дивиденд мөлшерін бір жай акцияға 1 264,12 теңге есебінен 327,9 млрд теңге көлемінде бекітті.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

2025 жылғы маусым соңында Биржаның сауда-саттық тізімінің "KASE Global" секторында шетелдік эмитенттердің 47 атаудағы акциялары мен 18 ETF болды.

2025 жылдың бірінші тоқсанында "KASE Global" секторында жасалған сауда-саттық көлемі 41,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 3 есе немесе 29,5 млрд теңгеге көп. Осы кезеңде 1 күнде жасалған сауда-саттықтың орташа көлемі 354,8 млн теңге, мәмілелердің орташа күндік саны 943, бір мәміленің орташа көлемі 376,5 мың теңге.

2025 жылдың бірінші тоқсанында "KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны мынадай акциялармен жасалды:

- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO_KZ) – 28 074 мәміле, жалпы сомасы 7,2 млрд теңге;
- NVIDIA Corp. (NVDA_KZ) – 16 625 мәміле, жалпы сомасы 6,4 млрд теңге;
- Intel Corporation (INTC_KZ) – 8 306 мәміле, жалпы сомасы 2,2 млрд теңге.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде жеке адамдардың үлесі 50,3%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 34,8%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 14,9% болды. Бейрезиденттердің қатысуы 4,3 % деп бағаланды.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2025 жылдың алғашқы алты айының қорытындысы бойынша, биржада сауда-саттық жасалған корпоративтік қарыз көлемі 0,3% немесе 42,8 млрд теңгеге өсіп, 13,7 трлн теңгеге (26,4 млрд USD) жетті. Бұл ретте 2025 жылдың екінші тоқсанындағы корпоративтік қарыз көлемі 0,6% немесе 76,9 млрд теңгеге өсті.

2025 жылғы 01 шілдедегі жай-күйі бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 131 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 564 шығарылымы болды. Жыл басынан бері KASE ресми тізіміне 41 эмитенттің (**оның он бірі жаңа**) 112 облигация шығарылымы енгізілді, оның ішінде 2025 жылдың екінші тоқсанында 30 эмитенттің (**алтауы жаңа**) 64 шығарылымының облигациялары листинг рәсімінен өтті.

KASE_BMY индексі (негізгі алаңның корпоративтік облигацияларының кірістілік индексі) жыл басынан бері 107 б.п. өсіп, жылдық 14,92% мәніне жетті.

Алты айда жасалған сауда-саттық көлемі 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 44,6% немесе 693,7 млрд теңгеге ұлғайып, 2,2 трлн теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі

19,1 млрд теңге (қайталама нарықта – 3,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны 687 мәміле (қайталама нарықта – 641 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі 27,7 млн теңге (қайталама нарықта – 4,9 млн теңге) болды.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 35 эмитенттің жалпы сомасы жалпы сомасы 1,9 трлн теңге болатын 71 облигация шығарылымы орналастырылды, бұл өткен жылғы сәйкес көрсеткіштен 42,1% немесе 556,9 млрд теңгеге көп. Оның ішінде екінші тоқсанда орналастыру көлемі 1,6 трлн теңгені құрады – 26 эмитент өз облигацияларының 49 шығарылымын орналастырды:

- Жеке компания BI Development Ltd жылдық 19,50% кірістілікпен екіжылдық облигацияларын орналастыру арқылы 14,6 млрд теңге тартты.
- "Қазақстан даму банкі" АҚ жылдық 17,00% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі кірістілікпен мерзімі бір жыл болатын облигациялардың екі шығарылымын орналастырып, 82,0 млрд теңге тартты;
- "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ облигацияларының жеті шығарылымын орналастырды және:
 - жылдық 16,70–17,50% мөлшерлемемен, өтеу мерзімі бір жыл және бес жыл болатын облигациялардың алты шығарылымын орналастыру арқылы 354,3 млрд теңге тартты;
 - жылдық 5,65% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі кірістілікпен үшжылдық облигацияларын орналастырып, 24,3 млн АҚШ долларын (баламасында 12,5 млрд теңге) тартты;
- "Отбасы банк" тұрғын үй-құрылыс банк" АҚ жылдық 16,49–16,50% кірістілікпен бесжылдық әлеуметтік облигацияларын орналастырып, 85,7 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан электролиз зауыты" АҚ үшжылдық облигацияларын жылдық 6,50% орналастырып, 74,3 млн АҚШ долларын (37,8 млрд теңгеге балама) тартты;
- "Қазақстан орнықтылық қоры" АҚ жылдық 16,00–16,90% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі кірістілігі бар және өтелгенге дейінгі мерзімі бір жылдан екі жылға дейінгі облигациялардың шығарылымын орналастырып, 101,2 млрд теңге тартты;
- "Birinshi Lombard" АҚ жылдық 21,00% мөлшерлемемен үшжылдық облигацияларын орналастырып, 300,0 млн теңге тартты;
- "КМФ (КМФ)" микроқаржы ұйымы" АҚ жылдық 19,50% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі орташа кірістілігі бар және өтелгенге дейінгі мерзімі 1 жыл болатын облигацияларының үш шығарылымын орналастырып, 19,3 млрд теңге тартты;
- "GoldFinMarket" ломбарды" ЖШС жылдық 22,00% мөлшерлемемен екіжылдық облигацияларын орналастырып, 81,6 млн теңге тартты.
- "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ" АҚ жылдық 21,50% мөлшерлемемен өтелгенге дейінгі мерзімі 2,7–3,0 жыл болатын облигацияларының екі шығарылымын орналастырып, 8,9 млрд теңге тартты;
- "Робокэш.кз" МҚҰ" ЖШС екіжылдық облигацияларын жылдық 10,00% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі кірістілікпен орналастырып, 1,8 млн АҚШ долларын (баламасы 896,1 млн теңге) тартты.
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық 21,00% мөлшерлемемен үшжылдық облигацияларын орналастырып, 302,4 млн теңге тартты;
- "Тойота Файнаншл Сервисез Казахстан" МҚҰ" ЖШС жылдық 16,75% мөлшерлемемен төртжылдық облигацияларын орналастырып, 6,0 млрд теңге тартты.
- "Orbis Leasing" ЖШС жылдық 20,00% мөлшерлемемен өтелгенге дейінгі мерзімі 1,0 жыл болатын облигацияларын орналастырып, 1,5 млрд теңге тартты;
- "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" АҚ жылдық 18,50% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі орташа кірістілігі бар және өтелгенге дейінгі мерзімі 1,3 жыл болатын облигацияларын орналастырып, 10,0 млрд теңге тартты;
- "Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" АҚ жылдық 14,50% мөлшерлемемен 15-жылдық облигацияларын орналастырып, 90 млрд теңге тартты;
- "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ 3,5% маржамен 15-жылдық облигацияларының екі шығарылымын орналастыру арқылы 90,0 млрд теңге тартты.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі 15,8%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 1,2%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 29,4%, өзге заңды тұлғалардың үлесі

50,6%, жеке адамдардың үлесі 3,1% болды. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 1,5%.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында облигациялардың қайталама нарығында жасалған сауда-саттық көлемі 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 58,8% немесе 136,8 млрд теңгеге артып, 369,4 млрд теңгеге жетті. 2025 жылдың екінші тоқсанында жасалған сауда-саттық көлемі 166,4 млрд теңгені құрап, 18,1% төмендеді.

2025 жылдың бірінші тоқсанында корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі 7,7%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 9,4%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 9,0%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 51,1%, жеке адамдардың үлесі 22,8% болды. Бейрезиденттердің үлесі – 19,1%.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

2025 жылғы алты айдың қорытындысы бойынша KASE-де сатылатын мемлекеттік борыштың номиналды сомасы жыл басынан бері 11,2% немесе 3,0 трлн теңгеге артып, 30,0 трлн теңгені (57,7 млрд USD) құрады. 2025 жылдың екінші тоқсанында мемлекеттік қарыз көлемі 5,2% немесе 1,5 трлн теңгеге өсті.

KASE-де МБҚ-мен жасалған сауда-саттықтың жиынтық көлемі 4,5 трлн теңгені құрап, 2024 жылдың сәйкес кезеңіндегі осындай көрсеткішпен салыстырғанда 4,5%-ға немесе 213,2 млрд теңгеге төмендеді. Алты айдың қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 38,4 млрд теңге (қайталама нарықта 10,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны 22 мәміле (қайталама нарықта – 17 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі 1,8 млрд теңге (қайталама нарықта – 0,6 млрд теңге) болды.

Бастапқы нарықта МБҚ-мен жасалған сауда-саттық көлемі 10,7%-ға немесе 399,8 млрд теңгеге төмендеп, 3,3 трлн теңгені құрады. Оның ішінде 67,1 млрд теңгені 11 облыстың әкімдіктері жылдық 0,35–4,24 % мөлшеріндегі (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында көзделген іс-шараларды қаржыландыру мақсатында) тартты. Қаржы министрлігі өтеу мерзімі 0,6 жылдан 13,0 жылға дейінгі 34 шығарылымды (сегіз жаңа шығарылым және 26 шығарылым ұлғайтылды) орналастыру арқылы жылдық 11,98–17,15% өтеуге дейінгі кірістілікпен 3,3 трлн теңге тартты.

2025 жылдың екінші тоқсанында орналастыру көлемі 1,9 трлн теңгені құрады, бұл 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы орналастыру көлемінен 35,5% жоғары. Оның 67,1 млрд теңгесін әкімдіктер, 1 850,3 млрд теңгесін Қаржы министрлігі тартқан. Қаржы министрлігінің орналастыру аукциондарындағы мөлшерлеме жылдық 13,80%-дан 17,15%-ға дейінгі аралықта ауытқыды.

2025 жылғы алты айда қбастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі 21,8%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 0,4%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 73,0%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 4,9%, жеке адамдардың үлесі 0,1% шамасында болды. МБҚ бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,1%-ден аз болды.

Қайталама нарықта жасалған сауда-саттық көлемі 18,5% немесе 186,6 млрд теңгеге төмендеп, 1,2 трлн теңгені құрады. Ұлттық Банктің ноталарымен қайталама нарықта жасалған сауда-саттық үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 44,2%-н немесе 528,8 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі 51,8% немесе 620,3 млрд теңгені, Қазақстан Республикасының еурооблигациялар үлесі 3,6% немесе 43,5 млрд теңгені құрады. Қалған көлем шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен жасалған операциялардың үлесіне тиіп, 0,3% немесе 4,1 млрд теңгені құрады.

2025 жылдың екінші тоқсанында Ұлттық Банктің ноталарымен қайталама нарықта жасалған сауда-саттық үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 69,6%-н немесе 291,6 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі 23,4% немесе 97,9 млрд теңгені, Қазақстан Республикасының еурооблигациялар үлесі 6,5% немесе 27,2 млрд теңгені құрады. Қалған көлем шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен жасалған операциялардың үлесіне тиіп, 0,6% немесе 2,4 млрд теңгені құрады.

2025 жылғы алты айда инвесторлардың негізгі санаттары ішінде МБҚ қайталама нарығында банктердің үлесі 43,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 4,5%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 5,2%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 45,3%, жеке тұлғалардың үлесі 1,9% болды. Бейрезиденттердің үлесі – 22,8%.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есепті кезең соңында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 57 облигация шығарылымы болды, олар: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразия даму банкінің 19 шығарылымы, Еуропа қайта құру және даму банкінің 16 шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының 4 шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің 4 облигациясы,

Еуропа инвестициялық банкінің 2 шығарылымы және жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының 1 шығарылымы болды.

2025 жылдың басынан бастап үш халықаралық қаржы ұйымының 6 облигация шығарылымы ресми тізімге енгізілді: Азия даму банкінің, Еуразия даму банкінің және Еуропалық қайта құру және даму банкінің әрқайсысының екі шығарылымы.

2025 жылдың алғашқы алты айында сауда-саттық көлемі 219,9 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңіндегі нәтижеден 16,3% немесе 30,8 млрд теңгеге көп.

Алғашқы нарықта жасалған сауда-саттық көлемі 173,0 млрд теңгені құрап, 2024 жылдың сәйкес кезеңіндегі осындай көрсеткішпен салыстырғанда 4,2% немесе 7,6 млрд теңгеге төмендеді. Бұл ретте 2025 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша орналастыру көлемі бірінші тоқсанмен салыстырғанда 90,5% төмендеп, 15,0 млрд теңгені құрады. Екінші тоқсандағы бүкіл көлем Еуропалық қайта құру және даму банкінің үлесіне тиді, ол TONIA құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі + 0,15% маржа мөлшерлемесімен үшжылдық халықаралық облигацияларын орналастырды.

2025 жылдың бірінші тоқсанында бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі 49,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 1,5%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 37,8%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 10,8% болды. Бейрезиденттердің үлесі – 1,6%.

Қайталама нарықта жасалған сауда-саттық көлемі 46,8 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,6 есе немесе 38,4 млрд теңгеге жоғары. 2025 жылдың екінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 21,7 млрд теңгені құрады және 2025 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 14,0% төмендеді.

2025 жылғы алты айда қайтамала нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі 20,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 6,4%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 4,3%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 66,2%, жеке адамдардың үлесі 3,0% болды. Бейрезиденттердің қатысуы 47,6 % деп бағаланды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2025 жылғы 1 шілдедегі жай-күйі бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық пай қорларының 18 құралы мен бір ETF болды. 2025 жылдың басынан бастап ресми тізімге "BCC Invest" АҚ басқаратын "Wardat al hayat" аралық инвестициялық пай қорының пайлары енгізілді.

Есепті кезеңде жасалған сауда-саттық көлемі 7,5 млрд теңгені құрап, наурыз айымен салыстырғанда 9,4% немесе 640,6 млн теңгеге өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 44,6% жеке адамдардың, 33,1% брокер-дилерлердің, 3% басқа институционалдық инвесторлардың, 19,3% өзге заңды тұлғалардың үлесінде болды. Бейрезиденттердің қатысуы 12,6 % деп бағаланды.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2025 жылғы 1 шілдедегі жай-күйі бойынша KASE ресми тізімінде төрт шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ және "Эйр Астана" АҚ жай акциялары болды. Сәуірде базалық активі "Қазақтелеком" АҚ-тың жай акциялары болған депозиттік қолхаттар Биржаның ресми тізімінен шығарылады.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында жасалған сауда-саттық көлемі 6,2 млрд теңге болып, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда 5,1 есе немесе 5,0 млрд теңгеге өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 10,4% жеке адамдардың, 34,9% брокерлік-дилерлік ұйымдардың, 4,9% басқа институционалдық инвесторлардың, 49,8% өзге заңды тұлғалардың үлесінде болды. Бейрезиденттердің үлесі – 21,4%.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ НАРЫҒЫ

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында шетел валютасы нарығындағы сауда-саттық көлемі 20,8 трлн теңге болды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 32,3% немесе 5,1 трлн теңгеге көп. Бірінші жартыжылдықта 1 күнде жасалған сауда-саттықтың орташа көлемі 176,0 млрд теңге, мәмілелердің орташа күндік саны 921, бір мәміленің орташа көлемі 191,1 млн теңге болды.

Төмендегі кестеде KASE-де сауда-саттық жасалған валюта жұптарының негізгі сипаттамалары көрсетілген (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көлемнің, сауда-саттық көлеміндегі үлесінің, жасалған мәміле санының өзгеруі көрсетілген; айырбастау бағамының өзгеруі жыл басындағы шетел валютасының теңгеге орташа сараланған айырбастау бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда- саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдар, негізгі бірлігі үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағамы (өзгеруі, %)
USD/KZT	30 025,8 (+12,1%)	74,0% (-2,6%)	83 933 (+17 988)	487,20-531,50	519,73 (-1,0%)
RUB/KZT	631 614,5 (x2, 4)	17,9% (+9,5%)	19 599 (+1 612)	4,7100-6,7290	6,6243 (+36,8%)
CNY/KZT	5 055,4 (+92,9%)	1,7% (+0,7%)	1 778 (+485)	67,3800-73,0100	72,5717 (+1,0%)
EUR/KZT	683,6 (x2, 7)	1,8% (+1,1%)	1 750 (+327)	516,70-610,20	609,86 (+11,3%)
EUR/USD	571,7 (-14,4%)	1,5% (-0,5%)	1 000 (-303)	1,0184-1,1730	1,1728 (+12,3%)
USD/CNY	1 201,3 (-68,9%)	3,0% (-8,1%)	513 (-348)	7,1600-7,3878	7,1600 (-2,0%)

АҚША НАРЫҒЫ

2025 жылдың бірінші тоқсанында ақша нарығында жасалған сауда-саттық көлемі 148,1 трлн теңгені құрап, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 10,2% немесе 16,7 трлн теңгеге төмендеді.

Бір жұмыс күні ішінде ашылған USD/KZT валюталық своп операциялары және мемлекеттік бағалы қағаздармен жүргізілген автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің мәні орташа алынған мәміле көлемі болып табылатын MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы 2025 жылғы маусымның соңында жылдық 12,93%-дан 15,08%-ға дейін 215 базистік тармаққа өсті.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында осы сегментте жасалған сауда-саттық көлемі 110,9 трлн теңгені құрап, 2024 жылдың бірінші тоқсанына қарағанда 12,2%-ға немесе 15,4 трлн теңгеге азайды. 1 күнде жасалған сауда-саттықтың орташа көлемі – 940,2 млрд теңге, мәмілелердің орташа күндік саны – 732, бір мәміленің орташа көлемі – 1,3 млрд теңге. 2025 жылдың екінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 58,4 трлн теңгені құрады, бұл 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы көлемнен 11,3% немесе 5,9 трлн теңгеге аз.

Мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған авторепо мәмілелерінің көлемі 86,1 трлн теңге немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 77,6%, ұлттық бағалы қағаздармен жасалған авторепо көлемі 24,2 трлн теңге немесе 21,8%, ұлттық бағалы қағаздармен жасалған тікелей репо 42,7 млрд теңге немесе 0,1%-дан кем, КҚС-мен жасалған авторепо көлемі 585,4 млрд теңге немесе 0,5% және МБҚ-мен жасалған тікелей репо 0,1 млрд теңге немесе 0,1% болды.

Маусымның соңында TONIA индикаторы (Биржада МБҚ себетіндегі бағалы қағаздармен жасалатын авторепо секторында бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) 106 б.п. өсіп, жылдық 14,44%-дан 15,50%-ға дейін өсті.

TRION индикаторы (Биржада Орталық контрагенттің қызметін пайдалана отырып Биржа клиринг қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік бағалы қағаздар себетіндегі бағалы қағаздармен авторепо секторында бір күн ішінде жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу операциялары бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) 117 б.п., жылдық 14,34%-дан 15,51%-ға дейін өсті.

TWINA индикаторы (Биржада Орталық контрагенттің қызметін пайдалана отырып Биржа клиринг қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік бағалы қағаздар себетіндегі бағалы қағаздармен авторепо

секторында жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу операциялары бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) 71 б.п., жылдық 14,84%-дан 15,55%-ға дейін өсті.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 37,1 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 3,5% немесе 1,4 трлн теңгеге төмен. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 1 күнде жасалған сауда-саттықтың орташа көлемі 314,7 млрд теңге, мәмілелердің орташа күндік саны 65, бір мәміленің орташа көлемі 4,8 млрд теңге болды.

Валюта жұбы	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, миллион валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	11 742,6	23 010,0	31,6%
	USDKZT_0_002	20 056,0	39 243,4	54,0%
	USDKZT_0_01W	1 294,5	2 545,0	3,5%
	USDKZT_1_01W	90,3	180,0	0,2%
	USDKZT_1_001	1 236,6	2 405,0	3,3%
EUR/KZT	EURKZT_1_001	31,3	57,5	0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	128,2	21 843,9	0,3%
	RUBKZT_0_002	2 349,7	363 601,0	6,3%
	RUBKZT_1_001	83,7	13 750,5	0,2%
EUR/USD	EURUSD_0_001	1,2	2,0	<0,1%
	EURUSD_1_001	123,2	220,2	0,3%

SWAP-1D (USD) біркүндік доллар свопы индикаторының кірістілігі жыл басынан бері 311 базистік тармаққа өсіп, маусымның соңында жылдық 10,23% құрады. SWAP-2D (USD) екікүндік валюталық своп индикаторының кірістілігі жыл басынан бері 114 базистік тармаққа, жылдық 10,21%-ға дейін өсті.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге айырбастау бағамына, Ресей рублінің теңгеге айырбастау бағамына, "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына және KASE индексіне белгіленген жеткізілімсіз фьючерстермен сауда-саттық жасауға болады.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында АҚШ долларының теңгеге айырбастау бағамы бойынша және "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ жай акциялары бойынша фьючерстермен 59 мәміле жасалды. Мәмілелердің жалпы сомасы 4,4 млрд теңге болды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржалары ішінде акция нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен бес орында.

Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және валюта свопы, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының, Еуро-Азия қор биржалары федерациясының және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сонымен қатар БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасына қатысушы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.